



№ 5464а / 366

Ақтөбе қаласы

2018 жылғы 28 тамыз

город Актобе

**Ақтөбе қалалық әкімдігінің кейбір бірлескен қаулыларына және Ақтөбе қалалық мәслихатының шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына, Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 20 наурыздағы № 139 және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2018 жылғы 20 наурыздағы № 272 «Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» бірлескен қаулысы және шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5901 болып тіркелген), Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 166 және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 281 «Ақтөбе қаласының құрылған аудандарына атау беру туралы» бірлескен қаулысы және шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5908 болып тіркелген) сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Осы бірлескен қаулысының және шешімінің қосымшасына сәйкес Ақтөбе қалалық әкімдігінің кейбір бірлескен қаулыларына және Ақтөбе қалалық мәслихатының шешімдеріне өзгерістер енгізілсін.

2. «Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен қаулыны және шешімді аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен қаулыны және шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бірлескен қаулыны және шешімді Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы Ақтөбе қаласы әкімдігінің бірлескен қаулысы және мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ақтөбе қаласының әкімі**

**І. Испанов**

**Ақтөбе қалалық мәслихатының сессия төрағасы**

**Т. Хамитов**

**Ақтөбе қалалық мәслихатының хатшысы**

**С. Шынтасова**

Ақтөбе қалалық әкімдігінің  
2018 жылғы «28» тамыздағы № 5464а  
бірлескен қаулысына және  
Ақтөбе қалалық мәслихатының  
2018 жылғы «28» тамыздағы № 366  
шешіміне қосымша

**Ақтөбе қалалық әкімдігінің кейбір бірлескен қаулыларына  
және Ақтөбе қалалық мәслихатының шешімдеріне енгізілетін өзгерістер**

1. Бірлескен Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2008 жылғы 28 наурыздағы № 868 қаулысына және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2008 жылғы 28 наурыздағы № 60 «Ақтөбе қаласындағы кейбір көшелерді қайта атау, қала аумағындағы елді мекендердің және шағын аудандардың атаусыз көшелеріне атау беру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-1-87 болып тіркелген, 2008 жылғы 8 мамырында «Ақтөбе» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

бірлескен қаулысының және шешімінің бүкіл мәтін бойынша:

«Благодар селолық округінің» деген сөздері «Ақтөбе қаласы «Алматы» ауданының» деген сөздерімен ауыстырылсын;

қазақ тіліндегі бірлескен қаулысының және шешімінің бүкіл мәтін бойынша:

«селосының» деген сөздері «ауылының» деген сөздерімен ауыстырылсын;  
орыс тіліндегі бірлескен қаулысының және шешімінің 5-тармақта:

«аула» деген сөз «села» деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«7. Ақтөбе қаласы «Алматы» ауданының Кеңес Нокин ауылының көшесіне «Достық» атауы берілсін.»;

8-тармақта:

«Қарғалы селолық округінің» деген сөздері «Ақтөбе қаласы «Алматы» ауданының» деген сөздерімен ауыстырылсын.

2. Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 22 шілдедегі № 1766 қаулысына және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009 жылғы 22 шілдедегі № 179 «Ақтөбе қаласының атаусыз көшелеріне атау беру және елді мекен кейбір көшелерін қайта атау туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-1-117 болып тіркелген, 2009 жылғы 11 тамызында «Ақтөбе» газетінде жарияланған) бірлескен шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақта мына:

«Қарғалы селолық округінің «Ақжар» селосының атаусыз көшелері:» деген жол келесі редакцияда жазылсын:

«Ақтөбе қаласы «Алматы» ауданының Ақжар ауылының атаусыз көшелері:».

3. Бірлескен Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2010 жылғы 28 шілдедегі № 273Ш шешіміне және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 28 шілдедегі № 2163Қ «Ақтөбе қаласының атаусыз көшелеріне атау беру және кейбір көшелерін қайта атау туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-1-139 болып тіркелген, 2010 жылғы 17 тамызында «Ақтөбе» газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Атаусыз көшелерге:

«Авиатор - 2» орамындағы атаусыз көшеге Сұлтан Аманғосов;

«Заречный - 2» тұрғын алабындағы атаусыз көшеге Ахмет Ескендіров атаулары берілсін.»;

2-тармақта:

«Қарғалы селолық округіндегі» деген сөздері «Ақтөбе қаласы «Алматы» ауданындағы» деген сөздерімен ауыстырылсын.

4. Бірлескен Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 3573ақ қаулысына және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 305ш «Ақтөбе қаласының атаусыз көшелеріне атаулар беру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-1-148 болып тіркелген, 2011 жылғы 25 қаңтарында «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшада:

«поселкесіндегі» деген сөз «орамындағы» деген сөзбен ауыстырылсын; қазақ тіліндегі бірлескен қаулысының және шешімінің бүкіл мәтін бойынша:

«селосының» деген сөздері «ауылының» деген сөздерімен ауыстырылсын; орыс тіліндегі бірлескен қаулысының және шешімінің 1-тармақтың

1) тармақшада:

«аула» деген сөз «села» деген сөзбен ауыстырылсын;

«имени» деген сөз алып тасталсын.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті  
Ақтөбе қаласы «Астана» ауданының Әділет басқармасы  
Нормативтік құқықтық акті 28.09.2018  
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік  
тіркеудің тізіліміне № 3-1-210 болып енгізілді

Результаты согласования

Акима́т Актю́бинской о́бласти - руководитель отдела Серик Есенгусович Утегенов, 26.09.2018 18:16:29, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

Акима́т Актю́бинской о́бласти - Секретарь маслихата Сулупан Панаевна Шинтасова, 26.09.2018 18:22:06, положительный результат проверки ЭЦП

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3-1-210 болып енгізілді